

«Қазакмыс» корпорациясының Политехникалық колледжі» ЖМ



Ш. Сыздыкова
жыл

СТУДЕНТТІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Ата-аналар комитетінде, студенттік парламентте талқыланып
карастырылды және мақұлданды
2024 ж. "14" 06 №3 хаттамасы

Балқаш қ.
2024 ж.

Студенттің әдеп кодексі

Әдеп кодексі, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына, адамгершілікке, оқытушылар мен қызметкерлерге, мемлекетке және жалпы қоғамға деген құрметке негізделген, Колледж студенттерінің адамгершілікке бағытталған мінез-құлқын анықтайды.

Кодекс оқудың максималды жайлы жағдайын жасауға, білім беру ортасында қолайлы психологиялық ахуалды құруға, Колледж құндылықтарына қатыстылығын қалыптастыруға бағытталған.

Әрбір студент Кодекс нормаларын орындай отырып, Колледждің имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.

Колледж миссиясы: Біз, жайлы және инновациялық білім беру ортасында мамандықтарды оқыту және дамыту арқылы, «Қазақмыс» Компаниясының өркендеуіне үлес қосамыз.

Құндылықтар: Білім, Патриоттық, Командалық, Кәсібилік, Жетістікке ұмтылу.

Сіз, «Қазақмыс» корпорациясының Политехникалық колледжіне оқуға түстіңіз, енді сізде жаңа, студенттік өмір басталады. Сіз оқыту формасына қарай күнделікті колледжде, оқу аудиторияларында немесе жатақханаларда көп уақыт өткізесіз. Кез келген ұйымдағы секілді, колледжде де әрбір оқушы ұстануға тиіс, белгілі бір мінез-құлық нормалары, қарым-қатынас ережелері қалыптасқан. Есіңізде болсын, сіздің колледждегі беделіңіз және болашақ мансабыңыз көбінесе өзін-өзі ұстау қабілетіңізге байланысты қалыптасады.

Студенттің әдеп ережесі

Студент пен оқытушы арасындағы қарым-қатынас өзара сыйластық қағидаттары негізінде құрылады, дәрекілікке, былапыт сөз айтуға, басқа адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық залал келтіруге, құқыққа қайшы әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Студенттер колледжге кіргеннен кейін колледж қызметкерлерімен және ол оқытушыдан сабақ алады ма, жоқ па, қарамастан бірінші болып амандасады. Егер сыртқы есік алдында кезек болып қалса, студенттер оқытушыларды, ұлдар - қыз балаларды өткізіп жіберуі керек. Ұл балалар колледжге кірген бетте бас киімдерін шешуі тиіс. Студенттерге сабаққа ұқыпты және таза киініп келуге кеңес беріледі.

Бозбалалар колледж ғимаратына кірерде бас киімдерін шешуге міндетті. Колледж үй-жайларында бас киіммен (телпек, кепка, панама және т.б.) жүруге жол берілмейді.

Студенттер шаш қоюда жинақылық пен ұқыптылықты сақтауы тиіс.

Бозбалалардың шашы жинақы қиылған, таза әрі ұқыпты болуы қажет.

Қызбалалардың жинақы шаш үлгісін сақтауға міндетті. Ұзын шаштар жиналып (өрілген, түйілген немесе қыстырғышпен бекітілген) болуы шарт. Гигиена талаптары мен іскерлік этикетті сақтау мақсатында оқу сабақтарында шашты жайып жүруге рұқсат етілмейді.

Студенттер сабаққа уақытымен келуге міндетті. Кешігіп қалған жағдайда студент кешірім сұрап, аудиториядағы жақын бос орынға орналасуы керек. Сабақтан кейін оқытушы алдында сыпайы түрде кешігу себебін түсіндіріп, кешірім сұрауы қажет.

Тамақты арнай белгіленген орындарды ішу тиіс, бірақ аудиторияда емес. Үстелде қоқыс қалдыруға, түкіруге және ластауға, сағыз қалдыруға болмайды. Студенттер колледж оқытушылары мен қызметкерлерін аты-жөнімен атау керек. Оқытушылар мен студенттер сөйлесу барысында бір-біріне «Сіз» деп жүгінуі тиіс.

Егер студентке оқытушымен сөйлесу керек болса, онда ол қолын көтеріп және оқытушы тарапынан жауап беру реакциясын күтуі тиіс. Студенттер бір-бірімен сөйлесу барысында сыпайы болуы және жолдастарының қорлануына, діни және ұлттық кемсітушілікке, сондай-ақ агрессиялық әрекетке жол бермеуі керек. Оқу процесінде өзара көмек көрсету, сөйлесуде-шынайылық, ашықтық және төзімділік қасиеттері құпталады.

Жоғары курс студенттерінен тәкаппарлық танытуға және кіші курс студенттеріне немқұрайлы қарауға жол берілмейді.

Колледж студенттінің негізгі сипаттамасы – бұл, мәдениеттілік, интеллект, патриоттық, адамгершілік болып табылады.

Студент міндетті:

- колледж мүлкіне және кітапхана қорына ұқыпты қарауға;
- олардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты колледждің барлық ережелері мен нұсқаулықтарын білуге;
- үнемі сабаққа қатысуға және оқу формасын сақтауға;
- оқу жоспарымен қарастырылған теориялық және практикалық тапсырмаларды орындауға;
- аралық және қорытынды бақылаудан өз уақытында өтуге;
- практикадан өту үшін өз уақытында өндірістік алаңда болуға;
- топтың барлық іс-шараларына, ал фракция көшбасшысы немесе топ старостасы колледж Парламентіне қатысуға;

Студент жол бермеуі керек:

- оқытушыларды алдау, арамдық немесе адастыруға байланысты кез келген әрекетке қатысуға;
- оқытушыларға, қызметкерлерге және студенттерге құрметсіздік танытуға;
- себепсіз сабақты босатуға немесе оған кешігуге;
- белгіленген оқу формасын бұзуға;
- оқытушының рұқсатынсыз аудиториядан шығуға;
- былапыт сөз айтуға;
- тиым салынған заттарды қолдануға (темекінің әртүрлі түрі, есірткілер, насыбай, ішімдік);
- әкімшілік және қылмыстық құқықбұзушылыққа жол бермеу.

1. Өткізу жүйесі. Құқықбұзушылықтың алдын алу және тәртіпті сақтау мақсатында колледжде қатаң өткізу-бақылау жүйесі жұмыс істейді. Колледжге кіреберісте күзетші және кезекші вахтер бар. Барлық қызметкерлер мен студенттердің колледжге кіруі электронды карта бойынша турникет арқылы жүзеге асырылады. Бөгде адамдар үшін колледжге кіру жеке куәлікті көрсетуі және келушілерді тіркеу журналына жазба енгізілуі бойынша рұқсат етіледі.

2. Киім үлгісі. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 39-тармақшасына және ҚР Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығына сәйкес колледждегі міндетті оқу формасы білім берудің зайырлы сипатына сәйкес келеді. Оқу формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Оқу формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден (үстіңгі жағы үшін ақ, сарғыш, көк түс, төменгі жағы үшін қара, қою көк және қара сұр) таңдалады. Оқу формасы жас ерекшеліктерін және климаттық жағдайды, оқу сабақтарының өткізілу орнына және бөлмедегі температуралық режимді ескере отырып енгізіледі. Түрлі

конфессиялардың діни киімдерінің элементтерін қосу мектеп формасына рұқсат етілмейді. Форма күнделікті, арнайы және спорттық болып бөлінеді және оқу ғимаратында, шеберханаларда спорттық формада жүруге рұқсат етілмейді.

Ұл балаларға арналған оқу формасына кіретіндер:

- пиджак, жилет, шалбар, ақ, ақшыл сары немесе көгілдір жейде немесе түймелі, замокты трикотажды кофта/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қыс мезгілінде: трикотажды жилет, водолазка);
- ұзындығы тобықты жауып тұратын кең балақты шалбар, қою (қара көк, қара-сұр және кара) түсті.

Қыз балаларға арналған оқу формасына кіретіндер:

- пиджак, жилет, шалбар, ақ, ақшыл сары немесе көгілдір жейде немесе түймелі немесе замокты трикотажды кофта/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қыс мезгілінде: трикотажды жилет, сарафан, водолазка);
- ұзындығы тобықты жауып тұратын кең балақты шалбар немесе тізеден 2-5 см түсетін белдемше.

3. Сөйлеу әдебі.

Бүгінгі бәсекелестік әлемде жақсы сөйлеу дағдысын қалыптастырмай мансаптық жетістікке жету мүмкін емес және ережелерді үнемі сақтай отырып, оқу процесінде сөйлеу мәдениетін меңгеруіңіз керек:

- үлкен немесе бейтаныс адамға «Сіз» деп сөйлеңіз;
- оқытушылармен және қызметкерлермен қарым-қатынас кезінде әдепсіздікке жол бермеңіз;
- жаргондық және паразиттік сөздерді қолданудан аулақ болыңыз;
- ешқашан әдепсіз сөздер мен сөз тіркестерін қолданбаңыз – бұл колледж қабырғасында қатаң тыйым салынған.

4. Кешігу және сабақты босату: Студент аудиторияға оқытушы келместен 10-15 минут бұрын келуі тиіс. Егер сіз кешігіп қалсаңыз, есікті қағып, жайлап ашып, амандасып, кешірім сұрап және кіруге рұқсат сұрау керексіз. Сабақты әр босатқан күніңіз топ журналына тіркеледі, кейін бұл мәлімет күндізгі бөлім меңгерушісіне жіберіледі. Кешіккен жағдайда қоңырау кезінде күндізгі бөлім меңгерушісіне келіп, кешігу себебі бойынша түсініктеме жазуыңыз керек. Денсаулығына байланысты сабақты босатқан күндері үшін, тұрғылықты жері бойынша маманнан ДКК анықтама алуыңыз қажет.

Себеңіз сабаққа (оқу жылында 80 сағаттан астам) келмеген жағдайда студент колледждің педагогикалық кеңесінің шешімімен студенттер қатарынан шығарылады.

5. Кітапхана. Студенттің оқудағы жетістігі өздігінен кітаппен жұмыс жасау қабілетіне байланысты. Оқу залында колледж кітапханасын пайдаланудың жан-жақты Ережесі бар. Осы ережелерді есте сақтаңыз және ұстаныңыз, ол барлық оқырманның мүддесі үшін қабылданған.

6. Салауатты өмір салты. Колледж территориясында және қаланың қоғамдық орындарында алкогольді, есірткілік және психоактивті заттарды, насыбай және темекіні (электронды темекіні) сақтау, қолдану, тарату және дайындау колледж студенті қатарынан шығару мәселесіне әкеп соғады. Колледжде спорттық секциялар және «Спорт және СӨС» фракциясы белсенді түрде жұмыс жасайды, онда жазылып, жаттығуға және фракцияның белсенді мүшесі атануға болады.

7. **Тамақтану және гигиена.** Аудиторияда немесе колледж ішінде жүріп тамақ жеуге болмайды, белгіленген орындарда тамақтанған дұрыс. Үстелдерге қоқыс қалдыру, түкіру мен қоқыс тастау, ыдыс-аяқ пен сағыз қалдыру мүлдем дұрыс емес.

8. **Телефондық байланыс.** Оқу сабақтарында гаджеттер оқытушының рұқсатымен ғана қолданылады, басқа ресми іс-шаралар барысында телефон сигналы дыбыссыз режимге қойылуы шарт.

9. **Қоғамдық іс-шаралар.** Сөз сөйлеушіге құрметпен қараңыз, үнсіздік пен тәртіпті сақтаңыз. Іс-шара кезінде шұғыл түрде кіру немесе шығу қажет болса, жауапты оқытушының немесе шебердің рұқсатымен сөз сөйлеушілер арасындағы үзіліс кезінде жылдам, үнсіз түрде орындаңыз.

10. **Егер мәселелер туындаса.**

Мәселенің сипатына қарай жүгінуге болады:

- студентке көмек көрсету тікелей міндеті болып табылатын, топ жетекшісіне;
- корпуста орналасқан күзетшіге;
- күндізгі бөлім меңгерушісіне;
- директордың ТЖ жөніндегі орынбасарына (колледждің бірінші қабатында, 105 кабинет).

Сонымен қатар, сіз қашанда өзіңізді толғандырған мәселелер туралы QR кодын өту арқылы оқу корпусының бірінші қабатында орналасқан «Сенім» электрондық жәшігін қолдана отырып колледж директорының электрондық поштасына хабарлауыңызға болады.

Ұсыныстарыңыз бен тілектеріңіз болса, тәрбие бөліміне (1 қабат, 105 кабинет) немесе колледждің «Жігер» студенттік парламентіне жүгінуіңізге болады.

ЖАТАҚХАНАДА ТҰРАТЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

Жатақханада тұратын студенттердің құқығы бар:

- мәдени-тұрмыстық мақсаттағы бөлмелерді, жабдықтарды, жатақхана мүлкін және коммунальдық-тұрмыстық қызметті пайдалануға;
- мәдени-бұқаралық және спорттық жұмыстарға қатысуға, жатақхананың тұрмысын ұйымдастыру сұрақтарды талқылауға және өзінің ұсынысын білдіруге;

Жатақханада тұратын студенттер міндетті:

- ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтауға;
- жатақхана бөлмесін, жабдықтарын және мүлкін ұқыпты ұстауға;
- жатын бөлмесінде және қоғамдық қолданыс орнында тазалықты сақтауға;
- жатақханадағы электр энергиясын және суды үнемді қолдануға;
- жатақханада тұрғаны үшін белгіленген мөлшердегі төлемді уақытымен төлеуге;
- электрлік, газдық және басқа да аспапарды қолдану барысында өрт қауіпсіздік ережесін сақтауға және жатақхана әкімшілігінің рұқсатынсыз қосымша электрлі жылытқыштарды орнатуға;
- жатақханадан шығар кезінде жатақхананың есебінде тұрған барлық төсек-жайларды, мүлікті және жабдықтарды тапсыруға;

ҚОРЫТЫНДЫ

Оқушы осы Кодексті білуге және сақтауға міндетті. Этикалық нормаларды білмеу немесе келіспеушілік әдепсіз мінез-құлық немесе Колледж жарғысын бұзу іс-әрекетін ақтау болып табылмайды.

Осы Кодекс ережесін сақтамағаны, жүйелі немесе өрескел түрде бұзғаны үшін студент колледж әкімшілігінің, ата-аналар комитетінің, студенттік парламент белсенділерінің алдында жауапкершілікке тартылады және олар тәртіптік, моральдық секілді түрлі жазалау формаларын қолдануға құқылы.

Студентке келесідей түрде тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- колледжішілік немесе Балқаш қалалық полиция бөлімінің ЮПТ есебіне қою;
- оқудан шығару.

Тәртіптік шаралар құқықбұзушылықтың алдын алу жөніндегі кеңестің немесе колледждің педагогикалық кеңесінің шешімімен белгіленеді. Қолайсыз мінез-құлықтың кез келген түрін мұғалім жеке қарастырады, шешімді ұжымдық түрде қабылдайды.

ӘДЕП КОДЕКС ата-аналар комитетінің келісімімен студенттік парламент отырысында әр 3 жыл сайын колледж директорымен қарастырылады және бекітіледі.